

Мұғалім – мамандық па әлде өмірлік ұстаным ба?

Мұғалім болғасын мен жиі ойланамын: «Менің мамандығым жай ғана жауапкершіліктер жиынтығы ма, әлде бұл өмірдегі терең тамырлы көзқарас па?» Өзгерістер жылдам орын алатын қазіргі заманда мұғалімнің рөлі әлдеқайда күрделене түседі. Біз тек білім беріп қана қоймай, болашақ ұрпақты қалыптастырамыз, олардың бойына сыни ойлауға, жауапкершілікке, өмір бойы білім алуға деген құштарлықтарды баулимыз.

Мұғалім мамандығы пәнді терең білуді ғана емес, педагогикалық шеберлікті, әр түрлі білім беру жағдайларына және оқушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімделуді талап етеді. Алайда бұл бәрі емес. Мұғалім тек тақтада тұрып сабақты түсіндіретін адам емес. Бұл тағылыммен өмір сүретін, әр оқушының бойындағы әлеуетті байқап, оны ашуға ұмтылатын жан.

Мұғалім – білім әлемді жақсы жаққа өзгертеді деген сенімге негізделген өмірлік ұстаным. Бұл үнемі өздігінен білім алуды және өзін-өзі жетілдіруді, жаңа білім беру технологиялары мен тәсілдерін түсінуді және қабылдауды талап ететін ұстаным. Бұл әрбір мұғалім үшін кәсіби ғана емес, сонымен қатар жеке жауапкершілікті көздейтін ұстаным.

Олай болса, ұстаз – жай ғана мамандық емес, ол – білімнің құдіретіне, әр адамның мүмкіндігіне сенім артатын терең тамырлы өмірлік ұстаным. Бұл бізден кәсіби білім мен біліктілікті ғана емес, болашақ ұрпақты қалыптастырудағы өз рөлімізді терең түсінуді талап ететін ұстаным.